

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 1136 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы"

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 268 Азаматтық кодексіне (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қ о с ы м ш а)) :

42-баптың 1-тармағының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс.";

2) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат ; 1999 жылғы 22 шілдедегі N 156-165 "Егемен Қазақстан"):

28-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары арасындағы даулар жөніндегі істерді, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушыларға талап қою жөніндегі істерді, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы органдарының лауазымды тұлғаларының заңға қайшы әрекеттеріне талап қою жөніндегі және олардың шешімдеріне дау айту туралы істерді Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының соты қарайды.";

3) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының N 155 Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; 2001 жылғы 13 ақпандағы N 31-34 "Егемен Қазақстан"; 2001 жылғы 21 ақпандағы N 9-10; 2001 жылғы 28 ақпандағы N 11-12 "Юридическая газета"):

538-баптың 1) тармақшасы "соттардың" деген сөзден кейін ", Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы сотының" деген сөздермен толықтырылсын;

541-баптың 1-тармағы "судьялары" деген сөзден кейін ", ал Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларына және олардың лауазымды адамдарына қатысты Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы сотының судьялары" деген сөздермен толықтырылсын;

550-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларына қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі қарайды.";

4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2001 жылғы 20 маусымдағы N 123-126 "Егемен Қазақстан"; 2001 жылғы 27 маусымдағы N 29 "Юридическая газета"):

91-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1), 3-1) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша дивидендтер, сыйақылар;

3-1) борыштық бағалы қағаздар азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген борыштық бағалы қағаздарды өткізген кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс;

11) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушы ұйымының қаржы қызметтерін көрсетуден алған табысы.

Осы тармақшада көрсетілген қаржы қызметтерінің тізбесі Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы заңнамалық актіде айқындалады.";

124-баптың 2-тармағының бірінші және екінші абзацтары "мен облигацияларды" деген сөздерден кейін "және азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды" деген сөздермен толықтырылсын;

131-баптың 1-1-тармағы 3) тармақшадағы "дивидендтер" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша дивидендтер, сыйақылар.";

144-бап мынадай мазмұндағы 4-1) және 13-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша дивидендтер, сыйақылар;

13-1) азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табыс;"

178-баптың 3) тармақшасы "үлесін өткізу" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"резидент еместер шығарған және Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды өткізу;"

179-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша дивидендтер, сыйақылар;"

183-баптың 1-тармағы "мен облигацияларды" деген сөздерден кейін "және азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды" деген сөздермен толықтырылсын;

187-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша дивидендтерді, сыйақыларды;"

190-баптың 1-тармағының үшінші абзацы "мен облигацияларды" деген сөздерден кейін "және азаматтық-құқықтық мәмілелер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңында жасалған жағдайда осы сауда алаңына жіберілген бағалы қағаздарды" деген сөздермен толықтырылсын";

мынадай мазмұндағы 517-1-баппен толықтырылсын:

"517-1-бап. Қаржы Орталығының қатысушыларын салықтық бақылау

Қаржы Орталығының қатысушыларын салықтық бақылауды аудиторлық есеппен расталатын салықтық есептілік негізінде ғана салық органдары жүзеге асыруы мүмкін. Аудиторлық компаниялардың тізбесін Қаржы Орталығының Әкімшілігі айқындайды.";

520-1-баптың 1-1-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары - заңды тұлғалар бойынша хабарлама нысанын және оны статистика жөніндегі уәкілетті органның табыс ету тәртібін уәкілетті мемлекеттік органмен және статистика жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі б е к і т е д і .

Салық төлеушінің куәлігін тіркелген заңды тұлғаға, филиалға және өкілдікке салық төлеушінің тіркеу нөмірін берген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде беру үшін оны

салық органы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен келісім бойынша уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен әділет органына, ал Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы - салық төлеушіге беру үшін Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігімен келісім бойынша уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігіне жіберуге тиіс.";

5) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат):

4-бап "органдары" деген сөзден кейін ", Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі" деген сөздермен толықтырылсын;

6-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы - заңды тұлғаны тіркеу үшін тіркеуші органға Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары - заңды тұлғалар туралы мәліметтерді әділет органдары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі жіберген хабарламалар негізінде бірыңғай Мемлекеттік тізілімге енгізеді.";

9-бап мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.";

13-бап мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жүргізілгені туралы хабарлама нысанын және оны мемлекеттік статистика органдарына табыс ету тәртібін уәкілетті мемлекеттік статистика органымен келісім бойынша Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі бекітеді.";

6) "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-құжат):

1-бап мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы Заңда Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құруға және оның жұмыс істеуіне байланысты қатынастар реттелмейді.";

7) "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13 - 14, 202 - құжат) :

10-бап мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары құжаттаманы ағылшын тілінде жүргізуге құқылы.";

15-баптың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары мәмілелерді ағылшын тілінде жасауға құқылы.";

8) "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2 - 3, 25 - қ ұ ж а т) :

3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

"7-2) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі басшысының нормативтік құқықтық актілері.";

4-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы ", Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі басшысының нормативтік құқықтық актілері" деген сөздермен толықтырылсын;

36-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы "әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері" деген сөздерден кейін ", Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Әкімшілігі басшысының нормативтік құқықтық актілері" деген сөздермен толықтырылсын;

9) "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N 273 "Егемен Қазақстан") :

102-бап мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының осы Заңды және еңбек туралы өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауын бақылауды орталықтың атқарушы органының мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады.";

12-тарау мынадай мазмұндағы 104-1-баппен толықтырылсын:

"104-1-бап. Орталықтың атқарушы органының мемлекеттік еңбек инспекторларының міндеттері

Орталықтың атқарушы органының еңбек туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік еңбек инспекторлары:

1) өз құзыреті шегінде еңбек жөніндегі уәкілетті органды еңбек заңнамасының бұзылу фактілері туралы хабардар етуге;

2) еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысанға сәйкес еңбек туралы заңнама талаптарының орындалу жайы туралы ақпаратты жүргізуге және оны тоқсан сайын еңбек жөніндегі уәкілетті органға табыс етуге міндетті.";

10) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 25-26 "Казахстанская правда" 2001

жылғы 31 қаңтардағы N 5 "Юридическая газета"):

11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы Заңның шетелдік жұмыс күшін квоталау және оны тартуға рұқсат беру туралы нормалары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында басшы лауазымдарда жұмыс істейтін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға және заңнамада белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар кәсіптік жоғары және орта білімді мамандарға қолданылмайды.";

22-бап мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы (бұдан әрі - Орталық) қатысушыларының осы Заңды және халықты жұмыспен қамту туралы өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауын бақылауды Орталықтың атқарушы органының мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады.";

11) "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; 2002 жылғы 27 наурыздағы N 67 "Егемен Қазақстан"):

18-баптың 2) тармақшасы "заңды тұлғаларды" деген сөздердің алдынан "Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

12) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 95-құжат; 2002 жылғы 24 мамырдағы N 114-115 "Егемен Қазақстан"):

27-1-баптың 1-тармағының 30) тармақшасындағы "қызметтерді сатып алуы" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 31) тармақшамен толықтырылсын:

"31) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы Әкімшілігінің Халықаралық Кеңесі мүшелерінің қызметтерін қоса алғанда, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы Әкімшілігінің консалтингтік қызметтерді сатып алуы.";

13) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат; 2003 жылғы 10 шілдедегі N 199-200 "Казахстанская правда"):

1 - б а п т а :

63) тармақша "трансфер-агентті" деген сөздерден кейін "және Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының (бұдан әрі - Қаржы Орталығы) аумағында құрылған брокерді және (немесе) дилерді" деген сөздермен толықтырылсын;

74) тармақша "сәйкес" деген сөзден кейін "және (немесе) Қаржы Орталығы Әкімшілігінің бұйрығына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

5 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақ Қаржы Орталығының Әкімшілігі тіркеген өтініш берушінің (

лицензиаттың) басшы қызметкер лауазымын иеленуге үміткер тұлғаларға қолданылмайды. Қаржы Орталығының Әкімшілігі тіркеген өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымын иелену шарттарын уәкілетті орган белгілейді." ;

2-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Қаржы Орталығының Әкімшілігі тіркеген өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкеріне қойылатын біліктілік талаптарын уәкілетті орган белгілейді.";

3-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қаржы Орталығының Әкімшілігі тіркеген өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкерінің кандидатурасын келісу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

8 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қаржы құралдарын Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының сауда-саттық ұйымдастырушысының тізіміне қосу және одан алып тастау шарттары мен тәртібін Қаржы Орталығының Әкімшілігі басшысының бұйрығымен белгіленеді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі." ;

3-тармақ "қор биржасы" деген сөздерден кейін "және/немесе Қаржы Орталығының Әкімшілігі" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "Қор" деген сөз "Бағалы қағаздардың Қаржы Орталығындағы айналысын қоспағанда, қор" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" 2004 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 528; 2004 жылғы 12 наурыздағы N 57-58 "Егемен Қазақстан"):

28-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы бапта аталған мемлекеттік еңбек инспекторларының міндеттерінен басқа, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының атқарушы органының мемлекеттік еңбек инспекторлары :

1) еңбек жөніндегі уәкілетті органды Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзу фактілері туралы хабардар етуге;

2) еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысанға сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнама талаптарының орындалу жайы туралы ақпаратты жүргізуге және оны тоқсан сайын еңбек жөніндегі уәкілетті органға табыс етуге міндетті.";

15) "Аралық соттар туралы" 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж.

, N 24, 151-құжат; 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 2 "Егемен Қазақстан"): 5-баптың 4-тармағы "Қазақстан" деген сөздің алдынан "заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 4-тармақты қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК